

"Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 мамырдағы N 127 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 06 маусымда N 3370 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 172 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 13.06.2016 № 172 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, 39-бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 17-бабының 7) тармақшасына, 164-бабына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы (А. Қ. Нұрғазиев) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ж.М. Омарға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі	Б. Сапарб.
-------------	------------

"Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің

ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі Шығыс Қазақстан облысы аумағында мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, арнайы және мамандандырылған білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: индексі 070004, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 59/1, телефоны 8 (7232) 702357.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік

мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті (облыстық) бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Миссиясы:

Шығыс Қазақстан облысы аумағында азаматтардың білімге деген конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету және мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, арнайы және мамандандырылған білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Бала құқықтары туралы конвенциямен қарастырылған заңды құқықтарын сақтау негізінде бала тұлғасының үйлесімді дамуы үшін жағдайлар жасау.

14. Міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу;

3) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету ;

4) білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету;

5) білім беру процесін ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеуді, нәтижелілігін талдау мен бағалауды, инновациялық педагогикалық тәжірибені жинақтау мен таратуды қамтамасыз ету;

6) балалардың Конституциялық және заңда қарастырылған өзге де құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бала жасындағы тұрғындардың барлық санаттарының құқықтарын жүзеге асырумен байланысты шаралар кешенін жүзеге асыру бойынша ведомствоаралық ынтымақтастықты жергілікті деңгейде үйлестіру;

8) балалардың әлеуметтік әл-ауқатын, рухани және адамгершілік дамуын

талдау және болжау, өңірдегі балалар өмірінің сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар жасау;

9) бала құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау бойынша функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге ұйымдарды мемлекеттік қолдау

15. Функциялары:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді қамтамасыз етеді;

2) балаларды арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқытуды қамтамасыз етеді;

3) мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды оқытуды қамтамасыз етеді;

4) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді және негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын солармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады.

5) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын, мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұсыныстарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады;

8) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

9) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ арнайы және мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

10) мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің

шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып , отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы ұстауға бөлінетін бюджет қаражатының кемінде бір пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

11) мемлекеттік тапсырыс негізінде техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін қағаз және электрондық жеткізгіштерде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуды және жеткізуді қамтамасыз етеді;

12) облыс ауқымында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылар конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

13) балаларға облыстық деңгейде жүзеге асырылатын қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

14) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауды және қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

15) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеруді және халыққа психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

16) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

17) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

19) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді;

20) берілген өтінімдерге сәйкес кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, ауылдық жердің кадрлар қажетсінуі туралы өтінімді білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға жыл сайын 15-ші сәуірге дейін ұсынады

;

21) білім беру мониторингін жүзеге асырады;

22) Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

23) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсетеді;

24) мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді;

25) "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағандағы облыстық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді, олардың орындалуын бақылау мен талдауды жүзеге асырады;

26) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның дербес құрамын Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі облыстық мәслихатқа бекітуге ұсыну үшін ұсыныстар әзірлеуді жүзеге асырады және оның жұмысын ұйымдастырады;

27) өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандардың және жайсыз отбасылардың өңірлік есебін жүргізеді;

28) өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жұмысқа орналастыру және тұрмыстық жағдайын жасау, өзге де көмектер көрсету жөніндегі шараларды қолданады;

29) қызметтері кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы, жасөспірімдердің салауатты өмір салтын насихаттау, құқықтық сауаттылығын арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға байланысты коммерциялық емес және өзге де ұйымдарға ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетеді;

30) кәмелетке толмағандар үшін, оның ішінде бала құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын ұйымдардың әлеуметтік инфрақұрылымының қалыптасуын қамтамасыз етеді және олардың қызметінің мониторингін жүргізеді

;

31) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі консультацияларды хабарлау мен өткізу, іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін белгілейді;

32) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

33) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді

жүзеге асырады.

16. Құқықтары:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, жеке тұлғалардан "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпаратты және құжаттарды сұрайды және алады;

2) ведомстволық қарасты ұйымдарды құру, қайта құру және тарату бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтар.

Міндеттері:

"Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз функцияларын қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

18. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

20. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі атынан сенімхатсыз іс-әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

5) банк шоттарын ашады;

6) "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі білім мекемелерінің және ұйымдарының барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің лауазымды тұлғаларын және өзге де қызметкерлерін, сондай-ақ, "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне қарасты ұйымдардың басшыларын (олардың орынбасарларын) жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

8) "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне және "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы тағайындайтын басқа да қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көтермелеу шараларын қолданады және оларды тәртіптік жазаға тартады;

9) өз орынбасарларының және "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басқа да қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті шаралар қабылдайды және бұл үшін дербес жауапты болады;

11) ерлер мен әйелдердің тәжірибесіне, қабілеттері мен кәсіптік даярлығына сәйкес мемлекеттік қызметке теңдей қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

12) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы ережемен және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігімен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

"Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен қалыптастырылады.

22. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық (облыстық) меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі
Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

1. "Востокснабобразование" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Коммуналдық мемлекеттік мекемелер

2. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Дамуында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім беру-тәрбиелеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Новая Шульба облыстық балалар үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

4. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы" Коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

5. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Семей қаласының Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

6. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Жетім балаларға арналған Шығыс Қазақстан облыстық арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Қылмыстық жауапкершілікке тартылатын жасқа жетпей қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасаған кәмелеттік жасқа толмағандардың облыстық арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

8. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Дарынды балаларға арналған Ш. Уәлиханов атындағы "Жас Ұлан" арнайы ерлер мектеп-лицей-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

9. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Өскемен қаласындағы Шығыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған қазақ-түрік лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

10. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Семей қаласындағы Шығыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған қазақ-түрік лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Дарынды балаларға арналған "Восток" дамыта оқыту ғылыми-зерттеу арнайы мектеп-кешен

орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Шығыс Қазақстан өңірлік білімдегі жаңа технологиялар орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

13. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Науалы балалар үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

14. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "К. Раев атындағы Көкпекті балалар үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

15. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 3 балалар үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

16. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 8 Отбасы үлгісіндегі балалар үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

17. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Шығыс Қазақстан облыстық балалар ауылы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

18. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 21 көмекші мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

19. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Светоч" балалар баспанасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

20. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 1 Түзеу мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

21. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 2 Естуі мен сөйлеуі нашар балаларға арналған түзеу мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

22. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Қосалқы мектеп-интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

23. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Есту қабілеті бұзылған (естімейтін) балаларға арналған мектеп-интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

24. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 3 Нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

25. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 4 Нашар еститін балаларға арналған мектеп-интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

26. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 5 Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған қосалқы мектеп-интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

27. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Кәмелетке толмаған балаларға арналған "Сәуле" панажайы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

28. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Психикалық дамуы тежелген жетім балаларға арналған орталау түзеу мектеп-интернаты"

коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

29. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Достық" балалар панажайы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

30. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған облыстық арнайы мектеп-интернат" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

31. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Шығыс Қазақстан облысының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

32. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Аягөз қаласының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

33. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Зырян қаласының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

34. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Семей қаласының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

35. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Шемонаиха қаласындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

36. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Тарбағатай ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

37. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Риддер қаласының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

38. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Үржар ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

39. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Жарма ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

40. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Ұлан ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

41. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Күршім ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

42. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Бородулиха ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

43 Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Глубокое ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

44. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Зайсан ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

45. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Көкпекті ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

46. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Бесқарағай ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

47. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Катонқарағай ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

48. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Шығыс Қазақстан облыстық арнайы Жасөспірімдер үйі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

49. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Шәкәрім атындағы облыстық дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын мамандандырылған мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

50. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Үміт" балалар үйі" коммуналдық мемлекеттік Мекемесі.

51. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы "Риддер қаласының дамуында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы (түзеу) мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

52. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 1 Өскемен колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

53. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 2 Өскемен колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

54. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 1 Жарма колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

55. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 1 Семей колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

56. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 2 Семей колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

57. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 1 Шемонаиха

колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

58. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "№ 3 Өскемен колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

59. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Абай колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

60. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Өскемен көпсалалы технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

61. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Глубокое техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

62. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Жарма технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

63. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Серебрянск технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

64. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Риддер көпсалалы колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

65. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Көпсалалы технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

66. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Индустрия-технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

67. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Зырян технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

68. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Зайсан технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

69. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Күршім колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

70. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Самар аграрлық-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

71. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Бесқарағай колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

72. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Тарбағатай колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

73. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Үржар колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

74. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Шемонаиха колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

75. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Глубокое аграрлық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

76. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Зырян ауыл шаруашылығы колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

77. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Катонқарағай аграрлық-техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
78. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Бородулиха колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
79. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Өскемен құрылыс колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
80. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Өскемен қызмет көрсету саласы колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
81. "Шығыс Қазақстан облысының техникалық және кәсіптік білім беру және кадрлар даярлау орталығы" Коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
82. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Шығыс" өңірлік орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
83. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
84. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
85. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Дарынды балаларға арналған мамандандырылған № 34 мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
86. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Облыстық математика, физика, информатика саласындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-лицейі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
87. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Дарынды балаларға арналған валеологиялық мамандандырылған мектеп-кешені" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
88. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Өскемен техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар

89. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Инновация-технология колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
90. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Мұқан Төлебаев атындағы музыка училищесі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
91. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

92. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы "Электротехника колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

93. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы "Бизнес колледжі" Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

94. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы "Геодезия және картография колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

95. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

96. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы "М. О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

97. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы "Геологиялық барлау колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

98. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Өскемен политехникалық колледжі" Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

99. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Риддер аграрлық техникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

100. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы "Радиотехника және байланыс колледжі" Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

101. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы "Көлік колледжі" Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

102. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Шығыс Қазақстан ауылшаруашылық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

103. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы "Құрылыс колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

104. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Аягөз қаласының политехникалық колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

105. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы "Сервис колледжі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

106. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы "Дарын" Шығыс Қазақстан өңірлік ғылыми-практикалық орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

107. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының "Облыстық қосымша білім беру және дене шынықтыру орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

108. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған балет мектебі" Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК